КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2023 жылғы 12 қыркүйек №7119-23-00-2/9598 іс Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы А.К.Құсманова, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібінде қозғалған электрондық азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі Су ресурстары комитеті «Қазсушар» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны

ЖАУАПКЕРЛЕР:
Жеке кәсіпкер «Sakina» атынан әрекет етуші Севда Юсифовна Алакберова
Дильназ Ашимжановна Садыкова Жеке кәсіпкер
«Ascend MultiVector» жауапкершілігі шектеулі серіктесті

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану

<u>ҚАРАР БӨЛІГІ</u>:

АПК-нің, 223-226-баптарын басшылыққа алып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап арызы қанағаттандырылсын.

Жауапкер «Sakina» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Севда Юсифовна Алакберова мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жауапкер «Sakina» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Севда Юсифовна Алакберовадан мемлекет кірісіне 1 725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге мемлекеттік баж салығы өндірілсін.

Жауапкер Дильназ Ашимжановна Садыкова жеке кәсіпкерден мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жауапкер Дильназ Ашимжановна Садыковадан жеке кәсіпкерден мемлекет кірісіне 1 725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге мемлекеттік баж салығы өндірілсін.

Құжатқа қол қойылған: Кусманова А. К., 12.09.2023

Заңды күшіне енген күні: 19.10.2023, судья Кусманова А. К., 19.10.2023

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Жауапкер «Ascend MultiVector» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жауапкер «Ascend MultiVector» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекеттің кірісіне 1 750 (бір мың жеті жүз жиырма бес) тенге мемлекеттік баж өндірілсін.

Егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда, ол шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмесін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласы сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым берілуі, прокурормен апелляциялық өтінішхат келтірілуі мүмкін.

Судья **А.К. Құсманова**

Сот өндірісі - Судопроизводство - ИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ТӨРЕЛІК»

Құжатқа қол қойылған: Кусманова А. К., 12.09.2023

Заңды күшіне енген күні: 19.10.2023, судья Кусманова А. К., 19.10.2023